

СЫНИ ОЙЛАУ

СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ:

- «Сын тұрғысынан» деген термин *ойдың мәселені немесе проблеманы шешу үдерісіне шоғырлануын білдіреді.*
- Бұл тұрғыдан алғанда сыни сөзі *«мақұлдамау»* немесе *«теріске шығару»* дегенді білдірмейді.

СЫНИ ОЙЛАУ

Сын тұрғысынан ойлау –

- ой жүгірту,
- тұжырым жасау
- немесе проблеманы шешу үдерісі жүрген барлық жағдайларда, яғни неге сенуге болады, не істеу керек және бұны ойластырылған әрі рефлексивтік тәсілмен қалай істеуге болатындығын анықтау қажет болған жағдайлардың барлығында орын алады.

СЫНИ ОЙЛАУ

Сын тұрғысынан ойлау «Ойлау Туралы Ойлану» деп сипатталған.

Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды.

СЫНИ ОЙЛАУ

Сын тұрғысынан ойлау «Ойлау Туралы Ойлану» деп сипатталған.

Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды.

ТҮСІНІКТЕМЕ

Сын тұрғысынан ойлау -

- қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолданылуын көздейтін ойлау түрі.

ТҮСІНІКТЕМЕ

Мұғалімнің сын тұрғысынан ойлауы - мұғалімнің өзінің оқыту және оқу тәжірибесіндегі проблемаларды анықтап, мойындауға, оларды шешудің тиімді жолдарын табуға, тәжірибеде болып жатқан өзгерістер жайлы орынды дәлелдемелерді жинап, жіктеуге және сенімді қорытындылар жасауға негізделеді.

ТАРИХИ ШОЛУ

- Сонау гректік сократтық дәстүрге дейінгі 2500 жыл бұрынғы дәуірден көруге болады: сол кездің өзінде беделді негізде алынған білімді тексеру үшін жетекші сұрақтарды пайдалану қалыптасқан.
- Қазіргі әлемде сын тұрғысынан ойлау қазіргі заманғы жұмыс күшінің ойлауын алға тартатын істер мен талаптарды қанағаттандырудың деңгейін орнықтыру үшін қажетті атрибут ретінде қаралады.
- XX ғасырда осы проблеманы Франкфурт сыни әлеуметтік теория мектебі қарастырды.

ТАРИХИ ШОЛУ



Дьюи, Джон (ағыл. John Dewey) (1859-1952) - америкалық философ және педагог, философиялық прагматизм өкілі. Дж.Дьюи есімінің бүкіл әлемге танылуының дәлелі ретінде ХХ ғасырдағы педагогикалық ойлау тәсілін анықтаған төрт педагогке қатысты

- Ол оқушылардың ойлау дағдысын қалыптастырудың білім беру бағдарламасын тек оқушылар үшін ғана емес, қоғам үшін және барлық демократиялық құрылыс үшін тиімді болуына бағыттау керек екендігін мойындатты

ТАРИХИ ШОЛУ

Эдвард Глейзер (1941) сын тұрғысынан ойлау қабілеттілігі үш элементтен тұратындығын болжап берді:

1. Проблемалар мен мәселелерді шешу кезінде өзінің тәжірибесін қалыптастыру өрісіне кіретін ойлау үдерісін жүзеге асыру.
2. Логикалық зерттеу мен ой жүгірту әдістерін білу.
3. Осы әдістерді қолданудағы тәжірибелік дағдылар.

ЗАМАНАУИ ТҮСІНІК

Сын тұрғысынан ойлау –

- бақылау,
- тәжірибе,
- толғану
- ой жүгірту нәтижесінде алынған ақпаратты
- ұғыну,
- бағалау,
- талдау
- синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін.

ЗАМАНАУИ ТҮСІНІК

Сын тұрғысынан ойлау көбінесе:

- бір нәрсені елестетуге,
- баламалы шешімдерді қабылдауға,
- ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді,
- ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейілділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді.

ЗАМАНАУИ ТҮСІНІК

Сын тұрғысынан дағдыларының негізгі *тізбесіне:*

- *қадағалау,*
- *интерпретация,*
- *талдау,*
- *қорытынды жасау,*
- *бағалау,*
- *түсіндіру,*
- *метатану* *кіреді.*

СЫНИ ОЙЛАУ

Сын тұрғысынан ойлау дағдысы мынадай бөлшектерден құрылады:

- проблемаларды анықтау және оларды шешудің шынайы құралдарын айқындау;
- проблемаларды шешудегі басымдықтардың, иерархияның және кезектіліктің маңызын түсіну;
- тиісті ақпаратты жинау;
- мәнмәтіндік алғышарттар мен басымдықтарды белгілеу;
- нақтылықты, анықтық пен объективтілікті сақтай отырып, сөзді түсіну және пайдалану;

СЫНИ ОЙЛАУ

Сын тұрғысынан ойлау дағдысы мынадай бөлшектерден құрылады:

- дәлелдер мен дәйектерді бағалау мақсатында деректерді интерпретациялау;
- сөйлемдер арасындағы логикалық байланыстардың болуын (немесе болмауын) белгілеу;
- қорытындылар мен шолу жасау;
- алынған қорытындылар мен шолуларды сараптау;
- өз ұстанымдарының бастапқы моделін алынған тәжірибенің нәтижелері жүйесіне енгізу;
- күнделікті шынайы өмір тұрғысынан нақты нәрсе (құбылыстар мен т.б.) туралы барабар пікір қалыптастыру.

Ақылдың 6 қалпағы



БЛУМ БЕНДЖАМИН



Блум, Бенджамин , (1913-1999) –америкалық психолог, оқыту әдістерін зерделеген, 1942 жылы Чикаго университетінде доктор дәрежесін қорғаған. 1965-66 жылдары Ағарту ісін зерттеушілер бірлестігінің президенті болған.

- 1960 жылдары Б.Блум кейіннен «Блум таксономиясы» деп аталып кеткен тұжырымдаманың негізін құраған екі монография басып шығарды: *«Адами мінездемелер тұрақтылығы мен өзгеруі»* және *«Білім мақсаттарын жіктеу»*.
- XX ғасырдың 60-70 жылдары АҚШ-тың көптеген білім беру мекемелері Блум тұжырымдамасын қабылдаған, алайда ол жөнінде ғалымдар мен практиктердің тарапынан көптеген сын айтылуына байланысты оларды мектепте қолдану деңгейі едәуір төмендеді.

ТАКСОНОМИЯ ұғымы алғашқы рет
биологияда пайда болды.

Терминді швейцарлық ботаник

О. Декандоль 1813 жылы ұсынды.

Блум таксономиясы – 1956 жылы америкалық психолог Бенджамин Блум ұсынған танымдық саладағы оқытудың педагогикалық мақсаттарының жіктелуі. Оған ойлау дағдыларының алты деңгейі кіреді: *білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау.*

Білу - деректерді, жағдайларды, негізгі тұжырымдамалар мен жауаптарды көрсету арқылы өтілген материалдың есте сақталғанын растау.

Түсіну - негізгі идеяларды ұйымдастыру, салыстыру, түсіндіру, сипаттау және бекіту арқылы деректер мен идеяларды түсінгенін көрсету.

Қолдану - жаңа білімдерді, әдістерді және ережелерді түрлі нұсқада қолдану.

Талдау – біртұтас объектіні жақсылап зерттеу немесе оның мән-мағынасын түсініп-білу мақсатында ұсақ құрамдас бөліктерге бөлу үдерісі.

Жинақтау - алғашында бөлінген ұғымдарды біртұтас біріктіру үдерісі.

Бағалау – объектінің құндылықтарын, кемшіліктерін, маңыздылығын және басқа да сипаттамаларын белгілі бір критерийлер мен стандарттар негізінде анықтау үдерісі.

БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ



Білім сұрақтары – ең төмен деңгейдігі сұрақтар, ол ақпаратты механикалық түрде еске түсіруді меңзейді. Ол бір жауапты талап етеді. Әдетте білімді тексеруге пайдаланылады. Сыни ойлау дағдыларын дамытпайды, есте сақтауды жаттықтырады.

Мысалы:

Жапониядағы ең үлкен қала?

«Абай жолын» кім жазды?

Килограмда қанша грамм бар?

Кім, не, атап бер, қайда, қашан, тізбекте

Түсіну сұрақтары идеялар,факттар,анықтамалар және құндылықтар арасындағы қарым-қатынасты анықтау үшін қойылады.

Оқушы олар қалай байланысатын туралы ойлану керек. (қалай топтасады). Бұл түйінді сұрақтар,өйткені ол оқушылардың ойлау қабілетін ынталандырады.

Мысалы:

Табиғаттағы су айналымын қалай суреттер едіңіз?

Бұл шығарманың негізгі идеясы неде?

Мен мына үш фигураны қоссам не пайда болады?

Суретте,өз сөзімен баяндап бер, маңыздысың белгіле, түсіндір,талқыла,салыстыр.

Қолдану сұрақтары оқушылардың белгілі ақпаратқа басқа немесе жаңа жағдайда пайдалануын талап етеді.

Қолдану сұрақтары проблемаларды шешуге, зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл сұрақтар дәстүрлі емес жауаптарды және шешу жолдарын меңзейді, сондықтан олар оқушыларға қиындық туғызады.

Мысалы:

Гренландияның орналасуын қалай анықтауға болады ?

Егерде мына сандардың барлығын тоғызға көбейтсе, не болады?

Как с помощью насоса выкачать воду из подвала, если ее уровень около 20 сантиметров?

Пайдалан, көрсет, түсіндір, таңда, өзгерт.

Талдау сұрақтары ақпаратты жіктеуді талап етеді.

Талдау оқушыдан жағдайдың (проблеманың) себебін, нәтижесін, мотивін анықтауды және жалпылап, қортындылауды талап етеді.

Мысалы:

Металдардың коррозиялануына не әсер етеді ?

КСРО мен Финляндия арасындағы соғыс неліктен басталды ?

Неліктен жануарларды сүтқоректілер дейді?

Неге, неліктен, талдаңыз, бөлшектеңіз, диаграмма жасаңыз, саул жасаңыз, салыстырыңыз.

Жинақтау сұрақтары «ерекше» (оригинально) ойлау арқылы проблеманы шығармашылық жолмен шешу.

Жинақтауға бағытталған сұрақтар оқушылардағы бар білімдері мен тәжірибелерін проблеманы шығармашылық жолмен шешуге мүмкіндік туғызады.

Жинақтау сұрақтарына түрлі жауаптарды болуы мүмкін.

Мысалы:

Мына құралдардан жел диірменің қалай жасауға болады ?

Егерде су астында демала алсаңыз, өміріңіз қалай өзгерер еді?

Мына сөздерден сөйлем құрастыңдар

Құрастырыңдар, жасаңдар, ойластырыңдар, қарастырып шығындар, сипаттап беріңдер, істеңдер, жоспарлаңдар, жобалаңдар.

Бағалау сұрақтары оқушылардың өздерінің шешімін шығару үшін қойылады. Проблемаларды шешу мен шешім қабылдауға осындай ойлау қабілеті қажет.

Бұл сұрақтардың бір жауабы болуы мүмкін емес.

Мысалы:

Өзінің жұмысын туралы не айтар едіңіз ?

Қай тапсырма саған ұнады, неге ?

Қалай ойлайсыз большевиктер өз әрекеттерінде шынайы болды ма ?

Неліктен Циолковскийді ұлы адам дейді ?

Бағалаңыз, салыстырыңыз, кім немесе не дұрыс, неліктен бұл маңызды.